

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен  
тыс жалпы жиналысының №4/2022  
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қ.**

**2022 жылғы 19 қазан**

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдері Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы қабылданды.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетеньдерді беруді бастау күні – 2022 жылғы 12 қазан.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін толтырылған бюллетеньдерді берудің соңғы күні – 2022 жылғы 18 қазан 18 сағат 30 минутқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша).

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні – 2022 жылғы 19 қазан.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы отырысын өткізбей, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2022 жылғы 9 қыркүйек №14/2022 отырыс хаттамасы) бойынша келесі күн тәртібімен шақырылды:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабы 4-тармағына және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысының 9-бабы 46-тармағына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама және «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетень 2022 жылғы 13 қыркүйекте қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында орналастырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруіне арналған толтырылған бюллетеньдерді қабылдау 2022 жылғы 18 қазан 18 сағат 30 минуттан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайы бойынша жүзеге асырылды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабында көзделген функцияларды жүзеге асыратын Есеп комиссиясы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен (№1/2022 хаттама) сайланды.

2022 жылғы 22 қыркүйектегі жағдай бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің

тізіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 144 973 (үш жүз сексен төрт миллион жүз қырық төрт мың тоғыз жүз жетпіс үш) дананы құрайды.

Белгіленген мерзімде «ҚазТрансОйл» АҚ-қа жарамды болып табылған және дауыстарды санауға қабылданған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің 30 (отыз) сырттай дауыс беру бюллетені ұсынылды. Осы бюллетеньге сәйкес акционерге тиесілі «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беретін акцияларының саны - 346 491 060 (үш жүз қырық алты миллион төрт жүз тоқсан бір мың алпыс), бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беретін акцияларының жалпы санының 90,20%-ін құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы 1-тармағының және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысының 9-бабы 31-тармағының негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу және күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «ҚазТрансОйл» АҚ акционерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге келесі мәселе енгізілді:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді толтыруы арқылы өткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту мәселесі бойынша.

**Дауыс беруге қойылған мәселе:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібі бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 491 060 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының келесі күн тәртібі бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша:**

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

**Дауыс беруге қойылған мәселе:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаевқа:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

**Дауыс беру қорытындылары:**

«қолдады» – 346 193 940 дауыс

«қарсы» – 297 120 дауыс

«қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды.**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаевқа:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

**Есеп комиссиясының**

**төрағасы**



**К. Тумыш**

**Есеп комиссиясының мүшелері:**

  
\_\_\_\_\_

Л. Аде

  
\_\_\_\_\_

С. Кожаметов

  
\_\_\_\_\_

Р. Махамбетова

  
\_\_\_\_\_

Д. Мұханбетжанова

  
\_\_\_\_\_

З. Нұрсейітова

  
\_\_\_\_\_

Ж. Тапаева